

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: 1990. – С. 688.
- [2] Звигинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – М.: 2001. – 312 б.,
- [3] Гойхман О.Я., Надеждина Т.М. Основы речевой коммуникаций. – М.: 1997. – 269 с.
- [4] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері // филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007. – 300 б.
- [5] Карасик В.И. О типах дискурса // Языковая личность: институциональный и персональный дискурс. Сб. Научных трудов. – Волгоград, 2000. – С.5-20.
- [6] Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007.
- [7] Турабаева Л. Сөз қолдану мәдениеті және тіл тазалығы // «Тілтаным» журналы. – Алматы, 2019. – №4.
- [8] Ольшанский В. Д. Основы политической психологии. – Екатеринбург, 2001. – С. 496.

МРНТИ16.21.31

Ж.Т. Жұмабаева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты
Алматы, Қазақстан

КӨРКЕМ ДИСКУРСТАҒЫ ИНТОНАЦИЯЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІҢ СИПАТЫ МЕН КӨРІНІСІ

Аннотация. Көркем дискурста кідірістің сақталуы, логикалық екпіннің дұрыс қойылуы, дауыс ырғағының келтіріліп оқылуы сияқты интонациялық компоненттердің ерекшелігі айрықша көрінеді. Бұдан көркем дискурста кідіріс, қарқын, әуен, үдемелілік және әуез сияқты интонациялық компоненттердің барлығы кеңінен қолданылатыны байқалады және мәтінді мәнерлеп ауызша оқыған кезде оның бояуы мен әсері де күшейе түседі. Осымен байланысты мақалада соғыс жылдарындағы ауыл өмірі мен ауыр тұрмысты және қажырлы еңбекті, адамгершілікті сөз ететін С.Мұратбектің «Жабайы алма» повесінен алынған қысқаша мәтінге аудиторлық талдау жасалды және талдау жасау барысында интонациялық компоненттердің

ерекшелігі анықталды.

Тірек сөздер: суперсегментті фонетика, әуез, қарқын, үдемелілік, интонациялық компоненттер, орфоэпия.

Ж.Т. Жумабаева

Институт языкознания им. А. Байтұрсынулы
Ведущий научный сотрудник, кандидат филологических наук.
Алматы, Казахстан

ХАРАКТЕРИСТИКИ И ВЫРАЖЕНИЕ ИНТОНАЦИОННЫХ КОМПОНЕНТОВ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ДИСКУРСЕ

Аннотация. В художественном дискурсе особо проявляются особенности интонационных компонентов, такие как соблюдение паузы, правильная постановка логического ударения, чтение с приведением интонационного ритма. Соответственно в художественном дискурсе наблюдается широкое применение всех интонационных компонентов, таких как пауза, интенсивность и мелодия, и при выразительном чтении текста усиливается его окраска и эффект. В связи с этим в статье проведен аудиторский анализ краткого текста из повести С. Муратбека "Дикие яблоки", где рассказывается о жизни села в годы войны, тяжелом быте и упорном труде, нравственном отношении; в ходе анализа выявлены особенности интонационных компонентов.

Ключевые слова: суперсегментная фонетика, мелодия, интенсивность, динамичность, интонационные компоненты, орфоэпия.

J.T. Zhumabayeva

Institute of Linguistics named after A. Baitursynov
Leading researcher, Candidate of Philological sciences,
Almaty, Kazakhstan

CHARACTERISTICS AND EXPRESSION OF INTONATION COMPONENTS IN ARTISTIC DISCOURSE

Annotation. In artistic discourse, the peculiarities of intonation components are particularly evident, such as observing delays, correct setting of logical stress, and reading with the reduction of intonation rhythm. Accordingly, all intonation components such as delay, intensity, melody are widely used in artistic discourse; and when the text is read expressively, its color and effect are enhanced. In this regard, the article provides an audit analysis of a short text from S. Muratbek's story "Wild apples", which tells about the life of the village during the war, hard life and hard work, moral attitude; the analysis reveals the features of the intonation components.

Keywords: super-segmental phonetics, melody, intensity, intonation components, orthoepy.

Қазіргі таңда суперсегментті фонетикада дискурстың интонациялық ерекшелігін, яғни әуенін, кідірісін, қарқынын, интенсивтілігін, ырғағы мен тембріні қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осымен байланысты З.М.Базарбаева зерттеуінде «Интонология – қазіргі қазақ тіл білімінің жаңа бағыты, оның үстіне қарқын дамып келе жатқан прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика, теория коммуникациясымен ұштасады. Осындай жаңа бағыттардың нағыз өзегінде тұрған тіл білімінің интонология саласы – белгілі бір семантикалық ұғымды тілдің барлық деңгейлерінің тығыз қарым-қатынасы арқылы жүйелі түрде бере алатын жалпытілдік категорияларды зерделеуге жол салады» – дейді [1]. Олай болса, қазіргі таңда адамның ойы мен танымын тіл арқылы зерттеудің бағыт алып бара жатқаны белгілі. Сондай бағыттың бірі дискурс теориясы. Дискурс теориясы зерттеушілердің еңбегінде жан-жақты қамтылып отыр. Н.Уәлидің айтуынша, дискурс күрделі коммуникативтік құбылысқа байланысты қолданылып, коммуникативтік уақиға» (событие) деген ұғымды білдіретін терминге айналды. Ал коммуникативтік уақиға ұғымы коммуникацияға қатысушыларды да қамтиды. Дискурс термині тек мәтінмен шектелмейді, адресант пен адресат, әлеуметтік жағдаят дегендерді де түгел қамтиды [2].

Ал Ғ.Әнестің пікірінше, дискурс – қолданыстағы тілдесім. Бұл прагматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және т.б. экстралингвистикалық факторлармен бірге, оқиғалар аспектісінде алынып, осы факторлармен байланыстырылатын мәтін; әлеуметтік мақсатқа бағытталған, әрекет, жұмсалым, қолданыс ретінде қарастырылатын тілдесім [3].

Г.Смағұлова «Шешендік сөздердің дискурсы» атты еңбегінде дискурс пен мәтіннің қарым-қатынастағы негізгі ерекшелігін салыстырмалы түрде былай көрсетеді. Дискурста қарым-қатынас акустикалық тұрғыдан және тілдік және тілдік емес амалдар арқылы жүзеге асатынын; қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірімен жеке түрде сөйлесе алу мүмкіндігі болатынын; қарым-қатынастың жүзеге асуы мен оны қабылдау бір мезетте, кеңістік пен уақыт жағдайында жүзеге асырылатынын; қарым-қатынастың жүзеге асуы үнемі екі адамның (сөйлеуші мен тыңдаушы) бетпе-бет, кезек-кезек алмасып отыруы, жанды контакт арқылы жүзеге асырылатынын көрсетеді [4].

Дискурстың ғылыми дискурс, әскери дискурс, іскери дискурс, шешендік дискурс, поэтикалық дискурс, балалық дискурс, масс-медиа дискурсы, жарнама дискурсы, экономикалық дискурс, педагогикалық дискурс, электрондық дискурс, көркем дискурс сияқты түрлері бар. Аталған дискурс түрлерінің ішінде көркем дискурс пен ғылыми дискурстың ерекшелігі қандай және онда интонациялық компоненттер қалай көрінеді?

«Көркем әдебиет дискурсы дегеніміз өмір шындығын, табиғат көркін, жағдаятты, экстралингвистикалық жағдайды, бейвербалдық әрекеттерді, бүкіл

болмысты тілмен жеткізу оқырманмен диалогқа түсуі, оқырманның авторды түсінісуі, баяндалушы нәрсені қатесіз қабылдау» [5].

Н.Уәли өзінің зерттеуінде көркем әдебиет дискурсының ерекшелігі коммуникативтік уақиғаға қатысушылардың кеңістік, уақыт параметрлері бойынша байланысы болмайтынын, оқырман мен автор әр кеңісте, басқа бір уақытта болуы, оқырманның автор жөнінде нақты ешнәрсе білмеуі мүмкін, бірақ мәтінмен арақатынаста отырып, оқырман автордың коммуникативтік стратегиясын, діттеген мақсатын танып білуге тырысатынын айтады. Сондай-ақ көркем дискурс прагматикасын қарастыруда «автор → мәтін → оқырман» моделін емес, яғни «солдан оңға қарай емес, керісінше, оңнан солға қарай, яғни «автор ← мәтін ← оқырман» моделі бойынша қарастыру әдісін қолданған дұрыс – дейді [2].

Әдетте, дискурс сөйлеуші – мәтін – тыңдаушы тұрғысында қарастырылатыны белгілі, осымен байланысты тыңдаушының ақпаратты қабылдауына ерекше көңіл бөлінеді. Ал жоғарыда айтылған «автор ← мәтін ← оқырман» моделі арқылы оқырманның мәтінді қаншалықты түсінгенін және шығарманың идеясы мен ондағы тілдік, аялық білімді қаншалықты ұққанын көруге болады. Дискурсты қолданыстағы мәтін дейтін болсақ, көркем дискурс ауызша мәтінге тең. Ауызша мәтін жазба мәтінге қарама-қарсы қойылады, алайда жазылған шығарманы мазмұндау немесе іштей автормен тілдесу барысында оның негізгі мазмұны сақталады. Сонда жазба мәтін көркем дискурсқа түскенде, түсінікті болуы үшін оның негізгі мазмұны, сөйлеу барысында орфоэпиялық нормасы мен интонациялық ерекшеліктері ескеріледі. Осымен байланысты З.М.Базарбаеваның айтуынша, контекст пен қарым-қатынас жағдаятына байланысты орын алған дискурстың мүшеленуі кідіріс және басқа да просодикалық компоненттер арқылы іске асады [1]. Олай болса, дискурстың белгілі бір мақсатқа сәйкес жүзеге асуы үшін интонациялық компоненттердің әсері мен мағыналық топқа сәйкес үленді-кішілі кідіріспен бөлінетін синтагманың да қызметі күшті. Себебі интонация ғана сөйлемді синтагмаларға бөледі, ал синтагмаға бөлінген бір немесе бірнеше ырғақты топ ойды тез қабылдауға көмектеседі. Осымен байланысты А.Фазылжанованың айтуынша, сөз ағымы дұрыс дыбысталып қана қоймай бөліктерге дұрыс бөлініп, олар өзара дұрыс ұйымдасу керек. Онсыз сөз ағымындағы мағыналық қатынаста тұрған сөз топтарын ажырату, олардың қатынасы арқылы берілетін ой желісін түсіну мүмкін емес [6].

Көркем дискурты мәнерлеп оқу кезінде мәтіннің мазмұнымен қатар интонациялық компоненттер де негізгі қызмет атқарады. Себебі дыбысталған мәтіннің қабылдануы оның интонациясына байланысты болып келеді. Осымен байланысты З.М.Базарбаева «Сөйлеу тіліндегі интонацияның жазба мәтіндерде көрініс табуы табиғи нәрсе және жазылған мәтінді мазмұнына қарай дұрыстап, мәнерлеп оқу да тек қана интонациясына байланысты болады» – десе, профессор Г. Әзімжанова: «Интонация мәтінде де үлкен рөл атқарады: әртүрлі стиль мен жанр түрлерін әр түрлі ыңғайда безендіреді, мәтінді әртүрлі мағыналық бөлшектерге бөледі, тыңдаушыға эмоционалды-

эстетикалық әсер ете алады, фразеаралық байланысты қамтамасыз етеді», – деп қорытады. А.А.Реформатский өз зерттеуінде былай деп береді: «интонация проявляется только в речи, «...существует в речи и тем самым принадлежит речи». Изучать интонацию можно именно в речи, «...делая различные записи звуковой цепи и пробуя ее членить и соотносить с иными сегментами...» [7]. Ал С.Ақымбектің пікірінше, көркем мәтінді дауыстап оқығанда просодикалық тәсілдер маңызды орынға ие. Стильдік заңдылықтар сөз сазымен сабақтасып мағынасыз, мәнсіз ойдан тазартады. Просодикалық тәсілдер арқылы кез келген сөйлеу үрдісінде, шығарма тілінде, мәтінде, тіл дыбыстарында стилистикалық бояу анық байқалады. Осымен байланысты Л.П. Блохина мәтін элементтерінің бір-бірімен байланысында просодикалық тәсілдердің маңызды рөлді атқаратындығын айтып өтеді. Ал просодикалық тәсілдерге интонацияның негізгі компоненттері әуен, қарқын, ұзақтылық, кідіріс, үдемелілік, тембр де жататыны белгілі. Нақты айтқанда, көркем дискурста кідірістің сақталуы, логикалық екпіннің дұрыс қойылуы, дауыс ырғағының келтіріліп оқылуы сияқты интонациялық компоненттердің ерекшелігі көрінеді. Бұдан көркем дискурста кідіріс, қарқын, әуен, үдемелілік және әуез сияқты интонациялық компоненттердің барлығы кеңінен қолданылатынын байқауға болады және мәтінді мәнерлеп ауызша оқыған кезде оның бояуы мен әсері де күшейе түседі. Көркем дискурстың интонациялық компоненттерін қарастыру барысында екі жағдаятты ескеру керек сияқты. Біріншісі жазылған мәтінді нақышына келтіріп оқып беру болса, екіншісі жазылған мәтінді өз сөзіңмен баяндап беру. Интонациялық компоненттердің ерекшелігі екі жағдаятта әртүрлі көрінуі мүмкін. А.Фазылжанованың анықтауынша, прозалық шығарманың интонациялық безендірілуінде қалыпты форма болмайды. Оның әртүрлі құрылымдық бөліктерінде интонация түрліше көрінеді, мәселен, прозалық мәтіннің бастапқы бөліктері баяу қарқынмен, бір қалыпты әуенмен айтылуы мүмкін, бірте-бірте оқиға желісі дами келе, оның интонациялық суретіне құбылғыштық тән бола бастайды да, соңында қайта тұрақталуы мүмкін [6].

Шындығында, көркем дискурста шығарманың жанрына сәйкес, оқиғаның желісі мен ондағы кейіпкерлерге байланысты интонациялық компоненттері де тұрақты, қалыпты болмайды. Айталық, ойнақы дауыспен оқылған көркем дискурста әуез ерекше байқалады. Бұдан көркем дискурстың интонациялық құрылымының күрделі екенін көруге болады. Осы ретте соғыс жылдарындағы ауыл өмірі мен ауыр тұрмысты және қажырлы еңбекті, адамгершілікті сөз ететін С.Мұратбектің «Жабайы алма» повесінен алынған қысқаша мәтінге аудиторлық талдау жасалды. Мұндағы, доға (˘) – ырғақты топ, қос таяқша (//) – синтагма, үш таяқша (///) – сөйлемнің аражігін ажыратады. Негізгі тон жиілігінің қозғалысы бес түрлі бағытта көрінеді:

Әуен/негізгі тон жиілігі

- Көтеріңкі ↑
- Бәсең ↓
- Бір сыдырғы →

- Бәсең-көтеріңкі ↓↑
- Көтеріңкі- бәсең ↑↓

Сегменттердің айтылу қарқынын анықтау.

Қарқынның белгіленуі:

- Баяу -----
- Орташа -----
- Жылдам -----

Дауыс үдемелігін айқындау:

- Күшею <
- Азаю >
- Тең болуы =

Біз ↑ / бір топ бала → / сәске кезінде → // ескі клуптың көлөңкесінде → / асық ойнап жүргөнбіз ↓ ///. Ойымызда дәнеме жоқ ↑↓ //, ойынның қыз^бғына → / алаңсыз кіріскен → / шағ^бмыс ед ↓ //, клуптың тасаснан ↑ / Әжібек шыға келді ↓ ///. Келді де ↑ / тігүүлі тұрған асықтар^бмызды ↑ / тегіс сыпырп алды → ///. Біз ↑ / шұулап қойа бердік ↓ ///. Бір^іміз ж^бламсырап ↑ / бір^іміз «ағатайлап» жал^бнып ↑ / Әжібектің ^йетегіне жапыстық ↓ //, брақ^дол т^ісін ақсыйтып ↑ // ыржыйған күйінде ↑ / бір^імізге де міз бақтастан ↑ / асықтарды қалтасына салды ↓ ///. Шаужайлап жармасып болмаған ↑ / бір-екі баланы → / май күйрүктан теуіп-теуіп жіперді ↓ ///. Амал қанша ↑ / әлімжеттік қ^блғанға ↑ / көнгөннен басқа шара бар ма ↓ ///. Төбелесіп жене алмаймыз ↑↓ //, өзүмізді үр^п тастайды ↑↓ //, үйгө бар^бп шағым ^теткенмен ↑ / Әжібек ↑ / қатын-қалаш → / кемпір-шалдың сөзүн → / құлағ^бна да қыст^брмайд ↓ //, қайта ^йерегесер болса ↑ / үлкөндерге тас лақт^брып ↑ //, балағаттап кетед ↓ ///. ^ҮӨзін құуұп және ^йешкім ұстай алмайд ↑↓ //, шапқан атқа жетк^ізбейтін / желайак ↑↓. Соғ^бс кезінде ↑ / ондай пәтұуасыз → / бет^імен кеткенді → / жөңгө салар кім бар ↑↓ ///.

Сөйтөп / ой^бнымыздың ш^брқы бұзұлды ↑↓ ///. Әжібек тұрғанда ↑ / ас^бқты қайта тігіп ойнауға ↑ / ешқайсымыздың бат^блымыз бармад ↓ ///. Ұйлұғып тұрдүк та қойдүк ↑↓ ///.

– Ал, кәні /, ас^бқтарыңды қайтып берем ↑↓ //, – деді ол ↑↓ / ойына бірдеме түскөңдей ↑ // көзү жылт-жылт ^йетіп күлүмсіреп ↑↓ ///. Сөйттү де ↑ / қалтасынан бір ас^бқты ш^бғарып ↑ //:

– Мынау кімдікі? ↑ // - деп сұрады ↓ ///.

Қорыта келгенде, көркем дискурста шығарманың жанрына сәйкес, оқиғаның желісі мен ондағы кейіпкерлердің мінезіне байланысты интонациялық компоненттері де тұрақты әрі бірқалыпты болмайды. Айталық, ойнақы дауыспен оқылған көркем дискурста әуез ерекше байқалады. Бұдан көркем дискурстың интонациялық құрылымының күрделі екенін көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Базарбаева З.М. Сегментті және суперсегментті фонетика салалары. – Алматы, 2016. – 533 б.

[2] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы, 2017. – 330 б.

[3] Әнес Ғ. Мәтін және дискурс: қолданысы, мағыналық және тілдік ерекшеліктері // «Абай мұрасы – адамзаттың асыл қазынасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары. – Семей, 2010.

[4] Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы, 2007. – 152 б.

[5] Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Раритет, 2004. – 317 б.

[6] Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. – Алматы, 2004. – 200 б.

[7] Реформатский А.А. Введение в языковедение. – Москва, 1996. – С. 536.

МРНТИ16.21.00

Н.Қ. Шүленбаев

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері,
гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Алматы, Қазақстан
shulenbaev.n@mail.ru

ӘЛЕУЕТТІ ӘЛІПБИ – ЫҢҒАЙЛЫ ЕМЛЕ КЕШЛІ

Аннотация. Бұл шешімді жалпы қазақ қоғамы қолдап, дереу үн қата бастады. Алайда бұл науқаншылықты, асығыстықты қаламайтын үдеріс болуы тиіс еді. Келіп түскен мыңдаған әліпби жобаларын жақсылап електен өткізіп, талқылап, ішінен дыбыстарды дәл таңбалауға ыңғайлы, көзкөрімге әсерлі көрінетін үздік жобаны таңдау – қиынның қиыны және ол біреудің атақ-лауазымына, беделіне артықшылық беретін науқан емес. Мұнда латын әліпбиге ілгері жылдары көшкен түркінегізді елдер тәжірибесі де зерттелсе, тіпті де орынды.

Тірек сөздер: әліпби, қазақ ұлттық әліпбиі, латын қаріпі, шетелдік тәжірибе, дыбыс, ақутты әліпби, таңба, дәйекше.

Н.Қ. Шүленбаев

Институт языкознания им. А.Байтұрсынұлы,
научный сотрудник, магистр гуманитарных наук.
Алматы, Казахстан